# Жастардың құқықтық сауаты: әділеттіліктің іргетасы

Құқықтық мемлекет құру – Қазақстанның стратегиялық бағыты. Бұл жолда қоғам мүшелерінің, әсіресе жастардың құқықтық сауаттылығы мен заңға құрметі шешуші рөл атқарады. Себебі ертеңгі ел болашағы – бүгінгі жастардың азаматтық жауапкершілігі мен заңды түсіну деңгейіне тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Маңғыстау өңірі жастарының құқықтық мәдениеті мен болашақтағы бағытының даму деңгейіне талдау жасаймыз. Жастар мен құқық: бүгінгі бетбұрыс, бүгінде Маңғыстау облысында жастарға құқықтық білім беру бойынша бірқатар жүйелі шаралар жүзеге асырылуда. Мектептерде құқық негіздері пәні оқытылып, колледждер мен жоғары оқу орындарында құқықтық тақырыптағы элективті курстар енгізілген. Сонымен қатар құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түрлі форумдар, тренингтер, ашық сабақтар мен дебаттық турнирлер ұйымдастырылып келеді. Облыстық Жастар ресурстық орталығының бастамасымен өткізілетін «Заң мен сен», «Құқықтық сағат», «Жас заңгер» секілді жобалар жастардың заңға деген қызығушылығын арттырып, олардың азаматтық ұстанымын нығайтуда. Бұл – болашаққа бағытталған маңызды қадам. Құқықтық сауаттылық – жастарды әлеуметтік қорғаудың тетігі, қиындықтары мен келешекте мүмкіндіктері. Әрине, жастардың құқықтық сауаттылығы мәселесінде шешілмеген түйткілдер де бар. Кейбір ауылдық елді мекендерде құқықтық білім беру ресурстары шектеулі. Интернетке қолжетімділік, заң терминдерінің күрделілігі немесе білім берудегі бірізділіктің болмауы жастардың құқықты терең меңгеруіне кедергі келтіруі мүмкін.

Маңғыстау жастарының құқықтық сауаты – өңірдің әлеуметтік тұрақтылығы мен мәдени даму деңгейінің айнасы. Заңды білу – тек қорғау үшін емес, қоғамда саналы өмір сүрудің алғышарты. Сондықтан болашақтың тірегі саналатын жастарды құқықты құрметтеуге, оны дұрыс қолдануға үйрету – баршамыздың ортақ міндетіміз. Бүгінгі таңда Қазақстанның дамуы құқықтық мемлекет қағидаттарына негізделіп отыр. Бұл ретте жастардың құқықтық сауаттылығы мен заңға құрметі – ел болашағының сенімді кепілі. Маңғыстау өңірінде жастардың заңды білуі мен оны өмірде қолдану деңгейі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Маңғыстау облысында жастар арасында құқықтық білім беру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Мектептерде құқық негіздері пәні жүргізілсе, колледждер мен университеттерде құқықтық тақырыптағы курстар оқытылады. Сонымен қатар облыстық Жастар ресурстық орталығы мен білім беру ұйымдарының ұйымдастыруымен түрлі құқықтық шаралар – кездесулер, тренингтер, байқаулар өтуде.

Маңғыстау жастары – еліміздің болашағы. Олардың құқықтық сауатты болуы – әділетті қоғамның іргетасын қалайды. Әрбір жас өз құқығын біліп қана қоймай, оны құрметтеп, жауапкершілікпен қараса елімізде заң үстемдігі мен тәртіп күшейеді. Сондықтан құқықтық білім тек пән емес, өмір сүру мәдениетінің бір бөлігі болуы тиіс. Бұл бағытта Маңғыстау жастарының әлеуеті зор, тек оны дұрыс арнаға бағыттай білуіміз керек.

**Қарлығаш ӨТЕБАЛИЕВА,**
Yessenov университетінің бизнес және құқық факультеті құқықтану кафедрасының заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.

**Айгерім МОЛДАҒАЛИЕВА,**
з.ғ.м., оқытушы.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

**ҚР Экологиялық кодексінің (96-бап) талаптарына сәйкес 2025 жылдың 1 тамызында сағат 10:00-де «Қашаған кен орны нысандарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін 2026–2028 жж. арналған өтінім құжаттары топтамасы. Маңғыстау облысы. Теңіз операцияларын қолдау нысандары» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.**

**Қоғамдық тыңдау өткізілетін орын:** Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы,Оңғалбайұлы көшесі 53, мәдениет үйінде өтеді.

**Учаскенің географиялық координаттары:**
1. 44°34' 1,777" , 50°14' 35,446".
2. 44°33' 37,874",50°15' 19,644".
3. 44°33' 19,661", 50°15' 4,585".
4. 44°33' 26,697", 50°14' 21,835".

**Әсер ету аумағының географиялық координаттары:**
1. 44°33' 27,495", 50°14' 45,084".
2. 44°33' 38,796",50°15' 0,451".
3. 44°33' 27,793", 50°15' 16,185".
4. 44°33' 16,500", 50°15' 0,694".

**Қосымша түрде ZOOM платформасында келесі сілтеме арқылы онлайн қосылу мүмкіндігі болады:** https://zoom.us/j/91924807806?pwd=doewYzXgszPzmNIVdGbx6adWDtauq6.1.
**Конференция сәйкестендіргіші:** 919 2480 7806.
**Кіру коды:** 974 229.
**Жоба бастамашысы:** НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.),БСН: 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі 8, тел.: +7 (7122) 92 27 03.
**Жобаны әзірлеуші:** «Sustainable ecology development» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел. +7 7272 472 323, +7 7272 472 626, +7 7272 472 636, эл. адресі: sed@sed.kz.
**Жоба бойынша құжаттама орналастырылған интернет-ресурстың мекен-жайы:** Ақпараттық жүйе https://ndbecology.gov.kz/.
**Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауларыңызға болады (ҚР, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 1-ғимарат):** s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com.
**ЖАО сайтына сілтеме:** https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=kk.

**Қосымша ақпаратты көрсетілген эл.пошта және телефон нөмірі бойынша алуға болады:** Zhanat.Kozhan@ncoc.kz, +7(7122) 922 703.

## Ақтау қаласы әкімдігінің ҚАУЛЫСЫ

Ақтау қ. №11-07-1613 23.06.2025 ж.

### Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен алуды бастау туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 81-бабы, 2-тармағының 2-тармақшасына, 84-бабының 2-тармағының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 31-бабы, 1-тармағының 10-тармақшасына және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңының 63-бабына сәйкес «Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 04.06.2025 жылғы №01-06-19 санды хаты, «Ақтау қалалық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 17 маусымындағы №01-12-570 қызметтік хаты негізінде Ақтау қаласыныңәкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. А.А.Қонысбаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі №04/2022 жалға алу құқығын сатып алу-сату шарты негізінде тиесілі,17-шағын ауданы, №222/2 учаскесінде орналасқан, нысаналы мақсаты: автоматты телефон станциясын салу үшін кадастрлық нөмірі 13-200-017-097 көлемі 0,0200 гектар жер учаскесінде автомобиль жолдары өтуіне байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі басталсын.
2. Көрсетілген жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен алу туралы шешім осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап үш айдан кем емес уақытта шығарылсын.
3. А.А.Қонысбаевқа келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін, Ақтау қаласының әкімдігіне хабарласу ұсынылсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылауды жетекшілік ететін қала әкімі орынбасарына жүктелсін.
5. «Ақтау қалалық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулы қабылданған кезінен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануға тиіс.

**Қала әкімі Ә. Байпақов**

## Ақтау қаласы әкімдігінің ҚАУЛЫСЫ

Ақтау қаласы №11-07-1612 23.06.2025 ж.

### Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен алуды бастау туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 81-бабы, 2-тармағының 2-тармақшасына, 84-бабының 2-тармағының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 31-бабы, 1-тармағының 10-тармақшасына және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңының 63-бабына сәйкес, «Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 03.06.2025 жылғы №06-20-2826 санды хаты, «Ақтау қалалық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 17 маусымындағы №01-12-569 қызметтік хаты негізінде Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. А.А.Қонысбаевтың 2022 жылғы 2 қыркүйектегі №01/2022 жалға алу құқығын сатып алу – сату шарты негізінде тиесілі, 19-шағын ауданы, №1/6 учаскесінде орналасқан, нысаналы мақсаты: автоматты телефон станциясын салу үшін, кадастрлық нөмірі 13-200-031-019 көлемі 0,0200 гектаржер учаскесінде инженерлік желілер желісі өтуіне байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі басталсын.
2. Көрсетілген жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен алу туралы шешім осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап үш айдан кем емес уақытта шығарылсын.
3. А.А.Қонысбаевқа келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін Ақтау қаласының әкімдігіне хабарласу ұсынылсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылауды жетекшілік ететін қала әкімі орынбасарына жүктелсін.
5. «Ақтау қалалық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулы қабылданған кезінен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануға тиіс.

**Қала әкімі Ә. Байпақов**

## КӘСІПОРЫНДАР, ҰЙЫМДАР, МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫНДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ НАЗАРЫНА!

«Маңғыстау өңірлік электрторaптық компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне электр энергиясын беру қызметтеріне тарифті бекітуге өтінім бергенін хабарлайды, (қосымша құн салығынсыз):

*1 кВт/сағ*

| Көрсеткіштердің атауы | 2025 жылғы 1 шілдеден бастап 2026 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге | 2026 жылғы 1 шілдеден бастап 2027 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге | 2027 жылғы 1 шілдеден бастап 2028 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге | 2028 жылғы 1 шілдеден бастап 2029 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге |
|---|---|---|---|---|
| Орташа тариф | 7,42 | 8,23 | 8,66 | 8,81 |
| Заңды тұлғалар үшін тариф | 9,97 | 11,09 | 11,67 | 11,86 |
| Жеке тұлғалар үшін тариф | 2,37 | 2,48 | 2,61 | 2,74 |
| Электр энергиясын беру және тарату қызметтерін көрсететін МКК үшін тариф | 2,99 | 3,14 | 3,29 | 3,46 |
| Ақтау қаласы («АЭЖБ» МКК желісі арқылы) және Мұнайлы ауданы («Маңғыстауэнерго» МКК желісі арқылы) тұтынушыларына тариф | 0,80 | 0,84 | 0,88 | 0,92 |

Қазіргі уақытта электр энергиясын беру тарифін бекіту туралы өтініш жоғарғы органда қаралуда, соған байланысты тарифтің мөлшері өзгеруі мүмкін, тарифті бекіту туралы бұйрықты алынған кезде хабарланады.

## КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

«Маңғыстау өңірлік электрторaптық компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне жабдықтау қызметі бойынша тарифті бекітуге өтінім бергенін хабарлайды (ҚҚС есебінсіз):

*1 кВт/сағ. үшін*

| Тұтынушылардың атауы | 2025 ж. 1 шілдесінен бастап 2026 ж. 30 маусымына дейін |
|---|---|
| Орташа босату тарифі | 32,61 |
| Тұрмыстық тұтынушылар | 22,12 |
| Тұрмыстық емес тұтынушылар (аудандар, Жаңаөзен) | 36,92 |
| Тұрмыстық емес тұтынушылар (Ақтау және Мұнайлы) | 36,92 |
| Бюджеттік ұйымдар | 49,27 |

Қазіргі уақытта жабдықтау қызметіне арналған тарифті бекіту жөніндегі өтінім жоғарғы органның қарауында, осыған байланысты тарифтің мөлшері өзгеруі мүмкін, тарифтің бекітілгені туралы бұйрық алынған кезде қосымша хабарланады.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы **«Сам ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі»** коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік орман қоры жерінен **«ІІ техникалық санаттағы Бейнеу – Сексеуіл автомобиль жолының құрылысы»** техникалық-экономикалық негіздемесін іске асыру мақсатында 102,47 гектар орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерге ауыстыру бойынша жария талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Материалдар, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін **2026 ж. 16 наурыздан бастап 20 жұмыс күні ішінде** қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі https://ndbecology.gov.kz/ қоғамдық тыңдаулар бөлімінде қолжетімді болады.

**Байланыс деректері:** 8-(7292)-46-21-31, ішкі. 1152 эл. пошта: mangystautabigat@gmail.com.

**Кемеджанов Сериккали Борашовичтің** қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекен-жай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз: **Ақтау қаласы, 8-ш/а, 14-үй, 2-пәтер. Телефон: +7701 9998733 Нотариус Ө.Е.Рахман.**

**Солтангалыев Нурбол Бердихановичтің** қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекен-жай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз: **Ақтау қаласы, Өмірзақ ауылы, Приозерный-3 т/а. 211/1 ғимарат, сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, телефон: +7775 4985834 Нотариус Ш.С.Джексембаева.**